БЕКІТЕМІН
Абай атындағы мәдени-демалыс кешені директоры
_____А Кулбаев
«____»_____2025ж.

Композитор, әнші, халық әртісі Ескендір Хасанғалиевтың 85 жылдығына орай, II қалалық «Ақтау жұлдыздары» атты балалар мен жасөспірімдер шығармашылық фестиваль-байқауы

Ақтау қаласы,
2025 жыл.

Композитор, әнші, халық әртісі Ескендір Хасанғалиевтың 85 жылдығына орай, II қалалық «Ақтау жұлдыздары» атты балалар мен жасөспірімдер шығармашылық фестиваль-байқауының

СЦЕНАРИЙІ

Жүргізуші: Қайырлы күн, қымбатты көрермен, байқауға қатысушылар мен жанкүйерлер! Ақтау қаласының әкімдігі және «Маңғыстау» телеарнасының қолдауымен, Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінің ұйымдастыруымен, композитор, әнші, халық әртісі Ескендір Хасанғалиевтың 85 жылдығына орай өтіп жатқан II қалалық «Ақтау жұлдыздары» атты балалар мен жасөспірімдер шығармашылық фестиваль-байқауына қош келдіңіздер!

Байқаудың мақсаттары мен міндеттері:

- Ұлттық мәдениет пен өнердің алуан түрлері мен жанрларымен таныстыру арқылы балаларды, жасөспірімдерді және жастарды патриоттыққа тәрбиелеу.
- Туған жерге деген сүйіспеншілікті, Қазақстанның мәдени мұрасына мақтаныш сезімін қалыптастыру;
- Дарынды және талантты балаларды анықтау, дамыту және қолдау.

Жүргізуші: 1-тур – 2025 ж. қаңтар – наурыз айлары аралығында – ұйымдарда: мектепке дейінгі мекемелерде, Ақтау қаласындағы мектептер мен колледждерде, сондай-ақ жеке мәдениет мекемелерінде өтеді.

Жартылай финал – 2025 ж. 31 наурыз – Абай атындағы МДК – 1-ші турдың жеңімпаздары қатысады.

Финал – 2025 ж. 15 сәуір – Абай атындағы МДК – қазылар алқасы таңдаған жартылай финал жеңімпаздары қатысады.

Гала-концерт және марапаттау рәсімі – 2024 ж. 16 мамыр – амфитеатр алаңында өтеді – фестиваль жеңімпаздары қатысады.

Жүргізуші: Биыл II қалалық «Ақтау жұлдыздары» атты балалар мен жасөспірімдер шығармашылық фестиваль-байқауына қатысушылары вокал номинациясы бойынша сынға түседі.

Вокал номинациясы бойынша байқау шарттары:

- Композитор, әнші, халық әртісі Ескендір Хасанғалиевтың 1 (бір) әнін орындау міндетті;

Сондай-ақ байқауға вокал номинациясы бойынша 3 түрлі бағыттағы өнерпаздар қатыса алады - академиялық, дәстүрлі ән, эстрадалық вокал (жеке, дуэт, 4 адамнан аспайтын вокалдық топтар).

Жүргізуші: Барша қатысушы үміткерлерге сәттілік тілей отыра қазылар алқасы құрамымен таныс болайық.

Қазылар алқасының мүшелерін атап өтеді.

1. ***Мусагалиев Нұрболат Ерболатұлы*** - қазылар алқасының төрағасы, ҚР Мәдениет саласының үздігі, Ақтау қалалық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы
2. ***Хныкина Ольга Васильевна*** ҚР Құрмет медалінің иегері, ҚР Құрмет грамотасының иегері, Мәдениет саласының үздігі, Маңғыстау облысы бойынша мәдениет саласының «Жыл адамы», Ақтау қаласының құрметті азаматы, Үлгілі ұжым «Радуга» балалар шығармашылығы студиясының жетекшісі.
3. ***Омарова Маргарита Әміржанқызы*** – ҚР Мәдениет саласының үздігі
4. ***Малаева Аккенже Өмірбайқызы*** - Мәдениет саласының үздігі, дәстүрлі әнші, Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінің көркемдік бөлім меңгерушісі
5. ***Мұратов Әлібек*** - ҚР Мәдениет саласының үздігі, дирижер

Жүргізуші: Барша қатысушы үміткерлерге сәттілік тілей отыра алғашқы аталым бойынша байқауымызды бастаймыз.

Ең алғашқы болып _____ аталымы бойынша **«Кіші топтан»** бірінші қатысушымыздың өнерін қабыл алыңыздар!

Академиялық , дәстүрлі ән, эстрадалық вокал аталымдары бойынша жас санаттары кезегімен қатысушыларды кезек-кезекпен сахнаға шақырады.

Жүргізуші: Құрметті байқауға қатысушы өнерпаздар осымен байқауымыздың жартылай финалы өз мәресіне жетті. Қазылар алқасының шешімімен финалға өткен қатысушылар 15 сәуір күні дәл осы сахнада жолыққанша қош сау болыңыздар.